

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өніміне және тамақ өнеркәсібі өніміне Еуразиялық экономикалық комиссияның баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыруы әдістемесін бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 20 маусымдағы № 67 өкімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 18 және 95-баптарына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өніміне және тамақ өнеркәсібі өніміне Еуразиялық экономикалық комиссияның баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыруы әдістемесі бекітілсін.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 10 маусымдағы  
№ 67 өкімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өніміне және тамақ өнеркәсібі өніміне Еуразиялық экономикалық комиссияның баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыруы ӘДІСТЕМЕСІ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Әдістеме Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ортақ аграрлық нарықты дамыту мақсатында өнім бағаларының деңгейлері және олардың динамикасы туралы ақпаратқа талдау жүргізу, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдау (бұдан әрі – талдау) арқылы Еуразиялық экономикалық комиссиясы Агроөнеркәсіптік саясат департаментінің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өніміне және тамақ өнеркәсібі өніміне баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыруы мақсатында әзірленді.

Талдау ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің дәндеріне қатысты жүргізілмейді.

2. Талдау жүргізу кезінде мынадай ақпараттар пайдаланылады:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың ресми статистикалық ақпараты;

б) мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпараты;

в) UN Comtrade тауарларының саудасы туралы статистикалық деректер.

3. Мүше мемлекеттердің ішкі және сыртқы нарықтарындағы өнімнің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері халықаралық стандарттарда көзделген мынадай қағидаттарды сақтау кезінде кешенді, жүйелі тәсілдеме негізінде анықталады:

а) сенімділік және объективтілік;

б) талданатын өнімге қатысты бөлігінде номенклатуралардың біркелкілігі;

в) мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын АҚШ долларымен қайта есептеуді жүзеге асыру есебінен өнімнің бағаларын салыстыру;

г) есептеулерді жүргізу мерзімділігі.

4. Өнімнің баға мониторингін жүргізу және бәсекеге қабілеттілігін талдау мақсатында мынадай зерттеу әдістері қолданылады:

а) монографиялық әдіс;

б) топтау әдісі;

в) салыстырмалы талдау әдісі;

г) іріктеу әдісі;

д) сараптамалық бағалау әдісі;

е) абстрактілі-логикалық әдіс;

ж) экономикалық-статистикалық әдіс;

з) есептік-конструктивтік әдіс.

5. Өндірушілердің бағасы мен тұтынушылық бағалар әрбір мүше мемлекетте ұлттық валютада есептелетінін ескере отырып, деректерді салыстыруды қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері жариялайтын валюта курсы бойынша АҚШ долларына қайта есептеу жүзеге асырылады.

Ақпарат талданатын кезеңдер – ай және жыл.

6. Өнімнің баға мониторингі және бәсекеге қабілеттілігін талдау шеңберінде алынған ақпарат № 1 қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жиынтық кестелерге енгізіледі.

## **II. Баға мониторингін жүзеге асыру бірізділігі**

7. Баға мониторингі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 15 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін, Еуразиялық экономикалық комиссия соған қатысты баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнеркәсібі өнімінің номенклатурасында көзделген өнімге қатысты жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің сыртқы және өзара саудадағы өнім бағасының мониторингін жүзеге асыру кезінде өнім атауларының Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы

экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасымен салыстырмалылығы мақсатында № 2 қосымшаға сәйкес ақпарат пайдаланылады.

8. Өнімге өндірушілердің орташа бағасы мен тұтынушылардың орташа бағаларына мониторингті жүзеге асыру процесінде ақпарат жиынтық кестеде көрсетіледі (осы Әдістемеге № 1 қосымшаның 1-кестесі).

9. Өнімнің сыртқы және өзара саудадағы бағаларына мониторингті жүзеге асыру мақсатында орташа өлшемді бағаларды есептеу жүзеге асырылады.

Сараптамалық бағалар FOB талаптарында есептеледі.

Импорттық бағалар CIF талаптарында есептеледі.

10. Өзара саудада сараптамалық бағалар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$PEEU_i = QEEU_i VEEU_i,$$

мұндағы:

$PEEU_i$  – өнімнің  $i$ -ші түрінің өзара саудадағы сараптамалық бағасы (тоннасы үшін АҚШ долларымен);

$QEEU_i$  – өнімнің  $i$ -ші түрінің барлық мүше мемлекеттердегі құны өрнегіндегі экспорты (АҚШ долларымен);

$VEEU_i$  – өнімнің  $i$ -ші түрінің барлық мүше мемлекеттердегі натуралдық өрнектегі экспорты (тоннамен).

Өнімнің өзара саудадағы бағаларына мониторингті жүзеге асыру процесінде ақпарат жиынтық кестеде көрсетіледі (осы Әдістемеге № 1 қосымшаның 2-кестесі).

11. Мүше мемлекеттердің сыртқы саудасында экспорттық және импорттық бағалар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_{wi} = Q_{wi} V_{wi},$$

мұндағы:

$P_{wi}$  – өнімнің  $i$ -ші түрінің сыртқы саудадағы тиісінше экспорттық немесе импорттық бағасы (тоннасына АҚШ долларымен);

$Q_{wi}$  – өнімнің  $i$ -ші түрінің үшінші елдердегі құны өрнегіндегі тиісінше экспорты немесе импорты (АҚШ долларымен);

$V_{wi}$  – өнімнің  $i$ -ші түрінің үшінші елдердегі натуралдық өрнектегі экспорты немесе импорты (тоннамен).

Өнімнің сыртқы саудадағы бағасына мониторингті жүзеге асыру процесінде ақпарат жиынтық кестеде көрсетіледі (осы Әдістемеге № 1 қосымшаның 3-кестесі).

### **III. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдау бірізділігі**

12. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне талдау жүргізу үшін мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпараты негізінде мүше мемлекеттердегі өндірушілердің ұлттық валюталардағы орташа жылдық бағасына талдау жүргізіледі. Көрсетілген ақпарат болмаған жағдайда орташа жылдық бағаларды өнімнің түрлері бойынша орташа айлық бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде есептеуге рұқсат етіледі.

Жүргізілген есептеулердің негізінде өнімді өндірушілердің орташа жылдық бағалары туралы ақпарат жиынтық кестеде көрсетіледі (осы Әдістемеге № 1 қосымшаның 4-кестесі). Осылайша өнім өндірушілердің неғұрлым төмен бағасы бар, яғни неғұрлым бәсекеге қабілетті бағасы бар мүше мемлекет анықталады.

Мүше мемлекеттердегі өндірушілердің орташа бағаларын салыстыру өндіру деңгейіндегі өнімнің бәсекеге қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

13. Мүше мемлекеттердегі өнімді өндіру көлемін талдау мүше мемлекеттердің ресми статистикалық ақпараты негізінде жүргізіледі.

Меншікті өндіріс көлеміндегі экспорттың үлес салмағы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_{экс i} = \frac{V_i}{V_i + X_i} \times 100,$$

мұндағы:

$D_{экс i}$  – өндірістегі экспорттың үлес салмағы (пайызбен);

$V_i$  – өнімнің  $i$ -ші түрін өндіру көлемі (мың тонна);

$X_i$  – өнімнің  $i$ -ші түрі экспортының көлемі (мың тонна).

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша өнімді өндіру көлемі және оның әрбір мүше мемлекет және өнім түрі бойынша экспортының көлемі туралы ақпарат жиынтық кестеде көрсетіледі (осы Әдістемеге № 1 қосымшаның 5-кестесі).

14. Өнім өндірушілердің орташа жылдық бағаларын осы өнімнің сыртқы нарықтағы импорттық бағаларымен арақатынасын талдау әрбір мүше мемлекет бойынша жүргізіледі.

Өнім өндірушілердің орташа жылдық бағалары мен осы өнімнің сыртқы нарықтағы импорттық бағаларының арақатынасын осындай өнімнің импорттық аналогтарымен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын коэффициент ұсынады. Осы арақатынасты анықтау кезінде импорттық баға кедендік әкелу баждары мен ҚҚС мөлшеріне көбейеді.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі :

$$K_{ксіj} = \frac{O_{ОБ} + I_{ИБ}}{O_{ОБ} + I_{ИБ} + K_{КБ}} + \frac{K_{КБ}}{K_{КБ} + K_{ҚҚС}},$$

мұндағы:

$K_{ксіj}$  –  $j$ -ші мүше мемлекеттің өнімнің  $i$ -ші түрінің бәсекеге қабілеттілігі коэффициенті;

$O_{ОБ}$  –  $j$ -ші мүше мемлекеттің өнімнің  $i$ -ші түрінің өндірушілердің орташа бағасы (тоннасына АҚШ долларымен);

$I_{ИБ}$  – импортталатын өнімнің  $i$ -ші түрінің  $j$ -ші мемлекеттің шекарасындағы СІР жеткізу талаптарындағы бағасы (тоннасына АҚШ долларымен);

$K_{КБ}$  –  $j$ -ші мемлекетке импортталатын өнімнің  $i$ -ші түріне кедендік әкелу баждары (тоннасына АҚШ долларымен);

ҚҚС – j-ші мемлекетке импортталатын өнімнің i-ші түріне қосымша құн салығы (тоннасына АҚШ долларымен).

Өнім егер оның бәсекелестікке қабілеттілік коэффициенті 1-ден төмен болған жағдайда бәсекеге қабілетті деп саналады. Бәсекелестікке қабілеттілік коэффициенті неғұрлым төмен болса, өнім соғұрлым бәсекеге қабілетті болып саналады.

Өнімге кедендік әкелу баждарының мөлшері Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне сәйкес белгіленеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша өнімнің бәсекеге қабілеттілік коэффициентінің мәндері туралы ақпарат әрбір мүше мемлекет және өнімнің түрі бойынша жиынтық кестеде көрсетіледі (осы Әдістемеге № 1 қосымшаның 6-кестесі).

#### IV. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіштерін анықтау

15. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің кешендік көрсеткіші j-ші мемлекет үшін өнімнің әрбір i-ші түрі бойынша мынадай көрсеткіштерді біріктіру негізінде белгіленуі мүмкін:

кндірушілердің орташа бағасы ( $C_{ij}$ );

экспорттық баға ( $C_{эj}$ );

j-ші мемлекеттің өнімнің i-ші түрін өндіру көлемі ( $V_{ij}$ );

өнімнің i-ші түрінің j-ші мемлекеттің жан басына шаққандағы өндірісі ( $\Pi_{ij}$ );

j-ші мемлекеттің өнімнің i-ші түрінің натуралдық өрнектегі экспортының (соның ішінде басқа мүше мемлекеттерге) үлесі ( $D_{ij}$ );

j-ші мемлекеттің өнімнің i-ші түрінің бәсекеге қабілеттілік коэффициенті ( $K_{ij}$ ).

Өнімнің жекелеген түрлерінің жан басына шаққандағы өндірісі мүше мемлекеттердің мемлекеттік статистика органдарының (қызметтерінің) деректері негізінде мына формула бойынша есептеледі:

$$\Pi_{ij} = V_{ij} \cdot H_j,$$

мұндағы:

$\Pi_{ij}$  – өнімнің i-ші түрінің жан басына шаққандағы өндірісі (килограммда);

$V_{ij}$  – өнімнің i-ші түрін өндіру (тоннамен);

$H_j$  – халықтың орташа жылдық саны (мың адам).

Одан әрі есептеуді жүргізу үшін көрсетілген әрбір көрсеткіш барлық мүше мемлекеттер бойынша алынған ең жоғары мәнге бөлінеді:

$c_{ij} = C_{ij} \max \{C_{ij}\}$ ,  $c_{ij\text{э}} = C_{ij\text{э}} \max \{C_{ij\text{э}}\}$ ,  $v_{ij} = V_{ij} \max \{V_{ij}\}$ ,  $\pi_{ij} = \Pi_{ij} \max \{\Pi_{ij}\}$ ,  $d_{ij} = D_{ij} \max \{D_{ij}\}$ ,

$$k_{ij} = K_{ij} \max \{K_{ij}\}.$$

Әрбір j-г-ші мүше мемлекет үшін өнімнің i-ші түрінің бәсекеге қабілеттілігінің кешенді көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$L_{ij} = 1 - c_{ij} + c_{ij\text{э}} + 1 - v_{ij} + 1 - \pi_{ij} + 1 - d_{ij} + k_{ij}^6,$$

Өнімнің осы түрінің экспорты болмаған жағдайда осы көрсеткіш нөлге тең деп қолданылады.

Мүше мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін салыстыру мақсатында мүше мемлекеттердің і-ші өнім бойынша бәсекеле қабілеттілігінің кешенді көрсеткіштері мынадай формула бойынша пайызбен есептеледі:

$$lij = Lij_{\max} \{Lij\} * 100,$$

мұндағы:

$lij$  – j-ші мүше мемлекеттің өнімнің і-ші түрінің бәсекеге қабілеттілігінің кешенді көрсеткіші.

Мүше мемлекет өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің кешенді көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, осы мүше мемлекеттер экспортталатын осы өнім соғұрлым бәсекеге қабілетті болып табылады.

16. Сыртқы нарықтардағы өнімнің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері мынадай тәсілдермен анықталады:

а) өнімнің бәсекеге қабілеттілігін экспорттың көлемі негізінде бағалау мынадай формула бойынша есептелген анықталған салыстырмалы басымдық коэффициентін (Баласса индексі) пайдаланып жүргізіледі:

$$RCA = (X_{ij}X_{jt}) / (X_{ni}X_{nt}),$$

мұндағы:

$RCA$  – анықталған салыстырмалы басымдық коэффициенті;

$X_{ij}$  – j-ші мүше мемлекеттің өнімнің і-ші түрі экспортының көлемі;

$X_{ni}$  – өнімнің і-ші түрінің әлемдік экспортының көлемі;

$X_{jt}$  – j-ші мүше мемлекетте өндірілген өнімнің барлық түрлерінің экспортының көлемі;

$X_{nt}$  – өнімнің барлық түрлерінің әлемдік экспортының көлемі.

Есептеу құндық өрнекте жүргізіледі (АҚШ долларымен).

Анықталған салыстырмалы басымдық коэффициенті j-ші мүше мемлекеттен өнімнің і-ші түрінің экспортының құндық көлемінің осы мүше мемлекеттің экспортының жалпы құндық көлеміне қатынасын және өнімнің і-ші түрінің әлемдік құндық көлемінің өнімнің барлық түрлері экспортының әлемдік құндық көлеміне қатынасын өлшейді.

Өнімнің і-ші түрін өндіруде бәсекелестік басымдылығы егер анықталған салыстырмалы басымдық коэффициенті 1-ден артық болған жағдайда дәлелденді деп есептеледі;

б) өнімнің экспорты және импортының құндық көлемі негізіндегі бәсекеге қабілеттілігін бағалау мынадай формула бойынша есептелген анықталған салыстырмалы басымдық коэффициентін (Лафей индексі) пайдалана отырып жүргізіледі:

$$LFI = 100 * (X_{ij} - M_{ij}X_{ij} + M_{ij} - j=1NX_{ij} - M_{ij}j=1NX_{ij} + M_{ij}) * X_{ij} + M_{ij}j=1NX_{ij} + M_{ij} ,$$

мұндағы:

LFI – анықталған салыстырмалы басымдық коэффициенті;

$X_{ij}$  – j-ші мүше мемлекеттің өнімнің i-ші түрі экспортының көлемі;

$M_{ij}$  – j-ші мүше мемлекеттің өнімнің i-ші түрі импортының көлемі;

N – Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің 1-ден 24-ке дейінгі тобының өнімдері түрлерінің саны.

Есептеу құндық өрнекте жүргізіледі (АҚШ долларымен).

Формула өнімнің i-ші түрінің таза экспортының оның белгілі бір жылдағы сыртқы сауда айналымына қатынасы мен өнімнің i-ші түрінің жиынтық таза экспортының сыртқы сауда айналымына қатынасы арасындағы айырмаға, сондай-ақ өнімнің соңғы i-ші түрі бойынша мүше мемлекеттің жиынтық сыртқы сауда айналымындағы үлесіне 100 нормаланған көбейтіндісін ұсынады.

Лафей индексінің оң мәндері бәсекелестік басымдықтарының бар екенін көрсетеді. Осы индекстің мәні неғұрлым жоғары болса, j-ші мүше мемлекеттің өнімнің i-ші түрінің бәсекеге қабілеттілік деңгейі соғұрлым жоғары. Осы индекстің теріс мәндері өнімнің i-ші түрінің бәсекеге қабілетсіз екендігі туралы куәландырады. Осы индекстің басқа маңызды сипаттамасы минималды және максималды мәндер бойынша шектеулер болып табылады –минус 50-ден (төмен бәсекеге қабілеттілік) плюс 50-ге дейін (жоғары бәсекеге қабілеттілік).

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттерде  
өндірілетін ауыл шаруашылығы  
өніміне және тамақ өнеркәсібі  
өніміне Еуразиялық  
экономикалық комиссияның  
баға мониторингін және  
бәсекеге қабілеттілігін талдауды  
жүзеге асыруы әдістемесіне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімінің және тамақ өнеркәсібі өнімінің баға мониторингі және бәсекеге қабілеттілігін талдау шеңберінде алынған ақпарат енгізілетін жиынтық кестелердің НЫСАНДАРЫ**

1-кесте

--	--	--	--	--	--

Кезең	А Қ Ш долларының орташа номиналды курсы (мүше мемлекеттің ұлттық валютасымен)	Өндірушілердің орташа бағасы (мүше мемлекеттің ұлттық валютасымен)	Орташа тұтынушылық бағасы (мүше мемлекеттің ұлттық валютасымен)	Өндірушілердің орташа бағасы (АҚШ доллары)	Орташа тұтынушылық баға (АҚШ доллары)
Мүше мемлекет					
Өнімнің түрі					
Жыл					
қаңтар					
ақпан					
наурыз					
...					
Жыл					
...					
Мүше мемлекет					
Өнімнің түрі					
Жыл					
...					
Мүше мемлекет					
Өнімнің түрі					
Жыл					
...					

## 2-кесте

Кезең	Өнімнің і-ші түрінің барлық мүше мемлекеттердегі құндық өрнектегі экспорты (АҚШ доллары)	Өнімнің і-ші түрінің барлық мүше мемлекеттердегі натуралдық өрнектегі экспорты (т)	Өнімнің і-ші түрінің өзара саудадағы экспорттық бағасы (АҚШ доллары/т)



Мүше мемлекет			
Өнімнің түрі			
Жыл			
қаңтар			
ақпан			
наурыз			
...			
Жыл			
...			
Мүше мемлекет			
Өнімнің түрі			
Жыл			
...			

### 3-кесте

Кезең	Өнімнің і-ші түрінің үшінші елдердег қ ұ н ы өрнегіндегі экспорты (А Қ Ш доллары)	Өнімнің і-ші түрінің үшінші елдердегі натуралдық өрнектегі экспорты (т)	Өнімнің і-ші түрінің сыртқы саудадағы экспорттық бағасы (АҚШ доллар ы /т)	Өнімнің і-ші түрінің үшінші елдердег қ ұ н ы өрнегіндегі импорты (А Қ Ш доллары)	Өнімнің і-ші түрінің үшінші елдердегі натуралдық өрнектегі импорты (т)	Өнімнің і-ші түрінің сыртқы саудадағы импорттық бағасы (АҚШ доллар ы /т)
Мүше мемлекет						
Өнімнің түрі						
Жыл						
қаңтар						
ақпан						
наурыз						
...						
Жыл						
...						
Мүше мемлекет						
Өнімнің түрі						

Жыл						
...						

#### 4-кесте

Өнімнің атауы	Өндірушілердің орташа жылдық бағасы (АҚШ доллары/т)
Мүше мемлекет	
1.	
...	
Мүше мемлекет	
1.	
...	

#### 5-кесте

Өнімнің атауы	Өнімнің і-ші түрін өндіру көлемі (мың т)	Өнімнің і-ші түрі экспортының көлемі (мың т)	Өндірістегі экспорттың үлес салмағы (%)
Мүше мемлекет			
1.			
...			
Мүше мемлекет			
1.			
...			

#### 6-кесте

		<b>і-ші мүше мемлекеттің өнімнің і-ші түрінің өндірушілер</b>	<b>Импортталатын өнімнің і-ші түрінің і-ші мүше мемлекеттің</b>	<b>і - ш і мемлекетке импортталатын өнімнің і-ші түріне</b>	<b>ҚҚС</b>	<b>Импортталатын өнімнің і-ші түрінің і - ш і мемлекеттің шекарасынд</b>	<b>і-ші мүше мемлекеттің өнімнің і-ші</b>
--	--	---	---	---	------------	--	---

ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Өнімнің атауы	дің орташа бағасы (АҚШ долл ары/т)	шекарасынд ағы бағасы (АҚШ долл ары/т)	кедендік әкелу баждары (АҚШ долл ары/т)	(АҚШ долл ары/т)	ағы кеденді к баждар мен ҚҚС есептелген бағасы (АҚШ долл ары/т)	түрінің бәсекеге қабілеттілігі коэффициен ті
Мүше мемлекет							
1.							
...							
Мүше мемлекет							
1.							
...							

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өніміне және тамақ өнеркәсібі өніміне Еуразиялық экономикалық комиссияның баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыруы әдістемесіне  
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін, Еуразиялық экономикалық комиссия соған қатысты баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнеркәсібі өнімінің номенклатурасында көзделген өнім атаулары мен ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарының АРАҚАТЫНАСЫ**

Өнімнің Номенклатураға сәйкес атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды
I. Өзіне қатысты орташа босату бағаларының мониторингі және бәсекеге қабілеттілігін талдау жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы өнімі	

Бидай	1001
Қара бидай	1002
Арпа	1003
Сұлы	1004
Астыққа арналған жүгері	1005 90 000 0
Бұршақ дәнді дақылдар	0708 0713
Күнбағыс дәндері	1206 00
Қант қызылшасы	1212 91
Картоп	0701
Қырыққабат	0704
Басты пияз	0703 10
Асхана сәбізі	0706 10 000 1
Асхана қызылшасы	0706 90 900 1
Бақша дақылдары	0807
Шекілдеуікті дақылдардың жемістері	0808
Дәнекті дақылдардың жемістері	0809
Жидекті дақылдардың жемістері	0810 0811
Жүзім	0806
Ірі қара мал	0102
Шошқа	0103
Қой мен ешкі	0104

Құс	0105
Сүт	0401
Жұмыртқа	0407 21 000 0
Тоған балығы	0301 99
II. Өзіне қатысты орташа босату бағаларының мониторингі және бәсекеге қабілеттілігін талдау жүзеге асырылатын тамақ өнеркәсібі өнімі	
Сиыр еті	0201 0202
Шошқа еті	0203
Қой еті	0204
Құс еті	0207
Жаңа сауылған сүт	0401
Сары мау	0405
Ірімшік	0406 10 0406 20 000 0 0406 30 0406 40 0406 90
Күнбағыс майы	1512
Құмшекер	1701 99
Жоғары сұрыпты бидай ұны	1101 00
Макарон өнімдері	1902
Қауызданған күріш	1006 30
Тоңазытылған балық	0303
Зығыр талшығы	5301

III. Өзіне қатысты орташа босату бағаларының мониторингі және бәсекеге қабілеттілігін талдау жүзеге асырылатын азық-түлік тауарлары	
Сиыр еті (сүйексіз еттен басқа)	0201 0202
Шошқа еті (сүйексіз еттен басқа)	0203
Қой еті (сүйексіз еттен басқа)	0204
Құс еті (сүйексіз еттен басқа)	0207
Сүт	0401
Сары май	0405
Ірімшік	0406 10 0406 20 000 0 0406 30 0406 40 0406 90
Тауық жұмыртқасы	0407 21 000 0
Күнбағыс майы	1512
Құмшекер	1701 99
Бидай ұны	1101 00
Макарон өнімдері	1902
Күріш	1006
Картоп	0701
Жаңа піскен ақбас қырыққабаты	0704
Басты пияз	0703 10
Сәбіз	0706 10 000 1
Асхана қызылшасы	0706 90 900 1

Алма	0808 10
Балық	0301 99

Ескерту. Осы тізбеде Номенклатура деп Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 15 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін, Еуразиялық экономикалық комиссия соған қатысты баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдауды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнеркәсібі өнімінің номенклатурасы түсіндіріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК